



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылы халықаралық ақша аударымдары жүйесі арқылы жүрген ақшалай аударымдардың жиынтық көлемі 32,7%-ға өсті

Астана қ.

2023 жыл, 27 наурыз


2022 жылы халықаралық ақша аударымдары жүйесі (бұдан әрі – ХААЖ) арқылы жүрген ақшалай аударымдардың жиынтық көлемі **1,8 трлн теңгені** құрады. 2021 жылмен салыстырғанда **операциялардың 32,7%-ға өскені** байқалады.

Операциялардың негізгі үлесі Қазақстан мен басқа елдер арасындағы **трансшекаралық ақша аударымдарына** тиесілі – **94,7%**. 2022 жылы шетелге жіберілген және шетелден алынған ақша аударымдарының орташа сомасы іс жүзінде бірдей: тиісінше 415 мың теңге және 413 мың теңге болды.

2022 жылы ХААЖ арқылы жүрген ақшалай аударымдардың құрылымы



Бұл ретте Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша аударымдары сомасы 2,4%-ға біршама өсе түскен тұста ХААЖ арқылы **басқа елдерден алынған ақшалай аударымдардың көлемі айтарлықтай (2,4 есе) өскені** байқалады. 2022 жылы ХААЖ арқылы ақша аударымдарының көбеюі Ресейден (*өсім 6,8 есе*), Қырғызстаннан (*өсім 2,8 есе*) және АҚШ-тан (*өсім 33%-ға*) орындалған ақша аударымдары көлемінің өсуімен байланысты болды.



2022 жылы **Қазақстандағы ақша аударымдары көлемінің де 34,6%-ға өскені** белгілі болды. ХААЖ арқылы бір ғана жергілікті ақша аударымының орташа сомасы 178,8 мың теңгені құрап, 2021 жылғы 58,0% көрсеткіштен асты.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz